«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ШУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК
ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И
БЮДЖЕТНОГО ПЛАНИРОВАНИЯ
АКИМАТА ШУСКОГО РАЙОНА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

# БҰЙРЫҚ

# ПРИКАЗ

2026 жылғы 06 қаңтар № 3-н/қ

Төле би ауылы

село Толе би

**«2026 жылға арналған шартты тікелей жасасу арқылы тауарларды, көрсетілетін қызметтерді және жұмыстарды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тапсырыс беруші шарт жасасуға құқылы Өнім берушілер тізіміне сәйкес төменде көрсетілген Өнім берушілермен 2026 жылға арналған шартты тікелей жасасу арқылы тауарларды, көрсетілген қызметтерді және жұмыстарды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:

- 16-баптың 3-тармағының 25-тармақшасына сәйкес – «Ақпараттық есептеу орталығы» акционерлік қоғамы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

- 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес – «Азия-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «АзияShymСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, фирмалық бланкілерді жасау.

-16-баптың 3-тармағының 35-тармақшасына сәйкес-Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі туындаған жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес, мемлекеттік сатып алу кезеңінде тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылса, мемлекеттік сатып алудың нәтижелері шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күнделікті және (немесе) апта сайынғы талаптар қолданылады. Осы тармақша өнім беруші алдыңғы жылы жасалған шартты ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айында жүзеге асырылса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылында құрылған (қайта құрылған) жағдайда, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге қолданылады.

Баспа сериялық ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБылАДы. Қолмет бойынша кеңсеті көшірмелер шектеулі уақыт жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛІП ЖІНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке
000003

2. Бас маман Д.И.Байдавлетова мемлекеттік сатып алу веб-порталында барлық қажетті әрекеттерді орындасын.

3. Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім беруші айқындалсын.

4. Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жіберу;

5. Шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда бекітілген нысан бойынша Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есеп орналастырылсын.

6. Шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдағаны және МӨЗ Заңының 5-бабының 1-тармағы бойынша Мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтағаны үшін жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

**Бөлім басшысы** **Д.Ахылбекова**